



БҰЙРЫҚ

29.04.2026 ж.

Қарағанды қаласы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы (СЖТІТ) «Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығы» КеАҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, қызметтің ашықтығын арттыру және «Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығы» КеАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

- 2026 жылғы «01» сәуірден «25» маусымға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.
- Келесі құрамда жұмыс тобы құрылсын:
Комиссия төрағасы: Басқарушы директор Музапарова С.М.
Комиссия мүшелері: Комплаенс-офицер Магулов А.Б.
Заңгер Оралов Е.Б.
Кадрлар жөніндегі маман Закарина Г.У.
- Жұмыс тобына:
ішкі процестер мен рәсімдерге талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, олардың туындау себептері мен жағдайларын айқындау, оларды жою бойынша шаралар әзірлеу тапсырылсын.
- Талдау объектілері ретінде: кадрлық процестер белгіленсін.
- Талдау қорытындылары бойынша 2026 жылғы 25 маусымға дейін: аналитикалық есеп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары ұсынылсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма төрағасы-Директор Отаров Е.Ж.-ға жүктелсін.

Басқарушы директор,
Басқарма төрағасының м.а.



С. Музапарова

СЫБАЙЛАС ЖЕМКОРЛЫК ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЫ
«Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығы» КеАҚ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамтитын кезең: 2024 жылғы 01.10-дан 2026 жылғы 01.04-ке дейін.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 01 сәуірден 25 маусымға дейін.

№	Кезең	Іс-шаралар	Мерзімдері	Жауаптылар
1	Дайындық кезеңі	Бұйрық шығару, жұмыс тобын қалыптастыру	30 сәуірге дейін	Басшылық
2	Жоспарлау	Әдіснаманы, жұмыс жоспарларын бекіту	30 сәуірге дейін	Жұмыс тобы
3	Жоспарлау	Әдіснаманы, жұмыс жоспарларын бекіту	30 сәуірге дейін	Жұмыс тобы
4	Ақпарат жинау	Құжаттарды талдау, деректер жинау	сәуір–мамыр	Топ мүшелері
5	Тәуекелдерді айқындау	Бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау	мамыр айы	Жұмыс тобы
6	Тәуекелдерді бағалау	Денгейін анықтау (төмен/орта/жоғары)	мамыр айы	Жұмыс тобы
7	Себептерді талдау	Тәуекелдердің себептері мен жағдайларын айқындау	мамыр айының соңы	Жұмыс тобы
8	Шаралар әзірлеу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау	маусым айы	Жұмыс тобы
9	Есеп дайындау	Қорытынды есепті қалыптастыру	20 маусымға дейін	Жауапты тұлға

Сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жоспары

№	Іс-шараның атауы	Іс-шаралар	Сыбайлас жемкорлық тәуекелдері	Бақылау	Мерзімдері
1	Жұмысқа қабылдау	Бос жұмыс орындарына берілген өтінімдерді талдау (негізділігі), біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру, құжаттарды тексеру (дипломдар, сертификаттар), конкурс рәсімдерін өткізу (болған жағдайда)	«Таныстырылған» қабылдау, талаптарды нақты кандидатқа сәйкестендіру, формалды конкурс өткізу	Шешімдерді алқалы түрде қабылдау, барлық кезеңдерді құжаттау, компаниямен тексеру, комиссия шешімдерін хаттамалау	2026 жылғы сәуір-мамыр айлары
2	Жұмысқа шығуды рәсімдеу	Еңбек шартын жасасу, жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығару, лауазымдық нұсқаулықпен таныстыру, кадрлық жүйеге енгізу	Жалған қызметкерлерді рәсімдеу, нақты лауазымға сәйкес келмеуі	Бұйрық, еңбек шарты және нақты жұмысқа шығуды салыстыру, бөлімше басшысы арқылы растау, табельдерді басшының қол қоюы, қажет болған жағдайда фото/бейне тіркеу, ішкі аудит	2026 жылғы мамыр-маусым айлары

3	Қызметкерлердің нақты қатысуын бақылау	Іріктемелі тексерулер жүргізу, жұмыс уақыты табельдерін салыстыру, қызметкерлердің жұмыс орындарында нақты болуын тексеру, қолжетімділік жүйесімен (бар болса) салыстыру	«Өлі жандар», жалған жұмысқа орналастыру, нақты жұмыс істемей жалақы алу	Іріктемелі тексерулер, табельдер мен нақты қатысуды салыстыру	Тұрақты
4	Жалақыны есептеу	Табельдерді тексеру, нақты жұмыспен қамтылудымен салыстыру, есептеулерді талдау	«Артық» қызметкерлерге жалақы есептеу, жұмыс сағаттарын негізсіз көбейту	Функцияларды бөлу (кадрлар/бухгалтерия), іріктемелі тексерулер	Тұрақты
5	Ауыстыру және жоғарылату	Жоғарылату негіздерін талдау, біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру	«Өз адамдарын» жоғарылату, мүдделер қақтығысы	Комиссиялық қарау, ашық критерийлер, іріктемелі тексерулер	Қажет болған жағдайда
6	Қызметкерлерді жұмыстан шығару	Жұмыстан шығарудың заңдылығын тексеру, құжаттарды рәсімдеу	Қызметкерлерге қысым көрсету, жалған рәсімдеу	Жұмыстан шығарылғанға дейін нақты қатысуды тексеру, «өлі жандарды» анықтау	2026 жылғы мамыр-маусым айлары, 15 маусымға дейін

Әзірлеуші: «Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығы»
КеАҚ комплаенс-офицері

Мағұлов А.Б.